

"Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жолдауы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Жолдауы, 2000 ж.

Осы Жолдау Қазақстан Парламентіне Конституцияның 53-бабы 11) тармақшасына және Республика Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес жіберіліп отыр. Жолдау Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы қызметінің нәтижелерін жинақтауға негізделген.

Көрсетілген мерзім ішінде Конституциялық Кеңес 24 өтінімді қарады. Оның ішінде: 2 – Парламент қабылдаған заңдардың конституциялылығы туралы, 12 – Конституция нормаларына ресми түсініктеме беру мәселелері бойынша, 10 – Республика соттарының өтінімдері бойынша. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңес қабылдаған қорытынды шешімге қарсылығы қаралды.

Конституцияға сәйкестігі жөнінде Республика Президентінің өтінімдері бойынша "Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы" және "Еңбек (қызмет) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғаның немесе кәсіби аурудың нәтижесінде зардап шеккен қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Заңдар келіп түсті. Конституциялық Кеңес екі Заңды да конституциялық емес деп таныды.

Мәселен, жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері туралы Заңның сәйкестігін тексеріп, Конституциялық Кеңес 3-баптың 2-бөлігі мемлекеттің қамауда немесе жартылай қамау жағдайында ұсталатын бұл жануарларға деген меншік құқығына нұқсан келтіретінің атап көрсетті. Одан тыс, даулы болып тұрған Заң сирек кездесетін жануарларға деген меншік құқығын, бұл тұста жануарлардың осы категориясына меншік құқығы туындауының заңдылық принципін жоққа шығарып, тек оларды ұстау фактісімен ғана байланыстырған болатын. Аталған жәйттер меншік түрлерінің тең құқықтылығын және оларды қорғаудың бірдейлігін белгілейтін Конституцияның 6-бабының талаптарына қайшы келгендіктен, Кеңестің Заңды конституциялық емес деп тануына мүмкіндік берді.

Кеңес жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Заң да оның жекелеген ережелерінің Конституция талаптарынан алшақтау келетінің анықтады. Атап айтқанда, заңға тәуелді акті қабылдау арқылы Республика Үкіметінің қызметкерге сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілеуге құқығы сақтандыру

өтемін төлеуден бас тарту негіздемелерін белгілеуге құқығы жеке тұлғалардың құқық субъектілігін шектейтін еді. Ал Конституцияның 61-бабының нормасына сай аталған құқықтық қатынастардың түрі заңға тәуелді актілермен емес, заңдармен реттеледі.

Конституциялық Кеңестің "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің " Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы" Заңды конституциялық емес деп тану жөніндегі өтінімі туралы 1999 жылғы 18 ақпандағы қаулысына Республика Президентінің қарсылығы енгізіліп, онда, өтінім субъектісінің пікірі бойынша, аталған Заңды конституциялық деп тануға қажет болған бірқатар уәждер келтірілген. Кеңес, қарсылықты қарап шығып, тауарлардың шығарылуы сертификатын куәландыру Үкіметтің сыртқы экономикалық қызмет саласындағы өкілеттігінің бірі екендігіне орай , онда баяндалған уәждермен келіспеді. Конституцияның 73-бабы 4-тармағына сәйкес Конституциялық Кеңестің аталған қаулысы заңдық күшін сақтап қалды.

Конституциялық Кеңес он екі өтінім бойынша Конституция нормаларына ресми түсіндірме берді. Мәселелер бойынша келіп түскен өтінімдердің ауқымы мейлінше кең. Жоғарғы заң шығару, атқару, сот органдарының өкілеттіктері, республикалық бюджет, сондай-ақ мемлекеттік меншіктің құқықтық режимі және әлеуметтік қамсыздандырылу мәселелері түсіндірілді.

Мәселен, Конституциялық Кеңеске Қазақстан Президентінің Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабы 2-тармағын, 14-бабы 1-тармағын, 76-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінімі келіп түсті. Өтінімде: қызметтерінен босатылған Қазақстан Республикасы судьяларының тиісінше оларды судьялық қызметтерінен босату туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына және Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулыларына сотқа шағымдану құқықтары туындай ма – деген мәселе қойылды.

Кеңес өзінің шешімінде Қазақстан Республикасы Конституциясы 13-бабының 2-тармағын Қазақстан Республикасы судьяларын сайлаудың, тағайындаудың және қызметінен босатудың ерекше конституциялық тәртібіне байланысты оларды судья қызметінен босату туралы тиісінше Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қаулыларына сотқа шағымдануға олардың қақысы жоқ деп түсіну қажет екенін атап көрсетті. Судья қызметін атқарып жүрген адамдар судьяларды сайлау, тағайындау және оларды судья қызметінен босатудың ерекше тәртібін белгілейтін заң алдында тең (14-баптың 1-тармағы).

Конституцияның 76-бабының 2-тармағы заң негізінде адамның және азаматтың кейбір конституциялық құқықтарын шектеуге жол беретін шешімдер, үкімдер және өзге де қаулылар қабылдауға, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне жасалған шағымдарды қарауға, мемлекеттік органдардың заңсыз актілерін Конституция мен Республика заңдарында белгіленген жағдайларда бұзуға сотқа құқық берілгендігін білдіреді. Алайда, Қазақстан Республикасы Конституциясы 47-бабының 2-тармағына

сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің іс-әрекеттері сот қарайтын нысана бола алмайды.

Республиканың Премьер-Министрі субъектісі болған екі өтінім меншіктің құқықтық режиміне және мемлекеттік органдардың оған қатысты құзыретіне байланысты болды. Соған орай 1999 жылғы 17 наурыздағы қаулысында Конституциялық Кеңес кім мемлекеттік меншік құқығы субъектісі болып табылатыны туралы мәселе бойынша түсіндіру берген болатын. Сонымен бірге, мемлекеттік меншік және оны басқару саласындағы мемлекеттік органдардың құзыреті туралы ережелерден тұратын әртүрлі заң актілерінің құқықтық нормалары егжей-тегжейлі сараптаудан өтті. Соның негізінде Конституциялық Кеңес, Республиканың өзі мемлекеттік меншік иесі болып табылатынын атай отырып, Конституцияның 66-бабының 4) тармақшасындағы " мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады" деген ережені Үкіметке заң актілері белгілеген шегінде мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және жұмсау өкілеттіктері беріледі деп түсіну қажет деген ұйғарымға келді.

Премьер-Министрдің 1999 жылғы 4 қазандағы өтініміне нысан болған Конституцияның 6-бабы 2-тармағына және 61-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына ресми түсіндірме бере отырып, Кеңес аталған конституциялық нормалар мемлекеттік меншіктің құқықтық режимі ерекшеліктерін заңмен баянды етуге де, мемлекеттік мекемелердің құқық субъектілігін шектеуге де мүмкіндік беретінін анықтады. Алайда, Конституция мекемелердің жауапкершілігін оларға деп бекітілген сметаның мөлшерімен шектеуге жол бермейді, себебі мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің бірдей қорғалуы принципін белгілейді (Конституцияның 6-бабының 1-тармағы).

Парламент депутаттарының 1999 жылғы 22 ақпандағы өтінімі Премьер-Министр хақының шегімен байланысты болды, оған Үкіметтің Парламентке республикалық бюджет туралы заң жобасын енгізуі себеп болды. Бұл ретте парламентшілер Премьер-Министр бірнеше заң жобаларының (республикалық бюджет жобасымен қатар бір пакетте енгізілген) қабылданбауына байланысты, немесе қабылданбаған екі заң жобасы бойынша бірден Үкіметке сенім білдіру туралы мәселені бір мезгілде (бірақ жылына бір рет) қоюға хақылы ма, – деп күмән келтірген.

Өзінің қорытынды шешімінде Кеңес жоғарыда аталған сұрақтарға жоқ деген жауап қайтарды. Конституцияның 61-бабының 7-тармағын түсіндіре келе, Кеңес, аталған нормаларға сәйкес, Парламент депутаттары дауысқа салмай қабылдаған заңдардың конституциялылығы Республика Конституциясының 72-бабы 7-тармағының 2) тармақшасында және 78-бабында белгіленген тәртіппен шешілуге тиіс екендігін атап көрсетті.

Парламент Палаталары Төрағаларының Конституцияның 44-бабының 13) тармақшасына, 53-бабына және 54-бабының 4) тармақшасына ресми түсіндіру беру туралы өтінімі не Конституцияда, не қолданылып жүрген заңдарда Республика

Президенттің мемлекеттік наградалармен наградтау туралы шешім қабылдайтын субъектінің белгіленбеуімен байланысты болды.

Кеңес Конституцияның аталған нормаларын, Парламент өкілеттерінің Конституцияда толық сипатты баянды етілуіне орай, ол мемлекеттік наградалармен наградтау туралы шешім қабылдау құқығына ие емес деп түсіндірді. Сонымен бірге, Кеңес, мемлекеттік наградалармен наградтаудың Президентке қатысты жеке механизмін белгілеудің дұрыс болатынын атап көрсетті.

Депутаттыққа кандидаттарға қойылатын талаптар жайындағы; Парламент депутаттарының өкілет мерзімдері; оның сессиялық жұмысының мерзімдері жөніндегі өтінімдер жеке бір топ болды. Кеңестің аталған өтінімдерді қарап шығуының нәтижесі олардың кейбір ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, парламентшілердің өздері бастамашы болады. Екіншіден, қойылған мәселелердің көпшілігі Конституцияға 1998 жылғы 7 қазанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулардан, сондай-ақ Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылымының өзгеруінен келіп шығады. Үшіншіден, алғаш рет Конституция нормасының мемлекеттік тілдегі мәтінінің ресми түрде қолданылып жүрген орыс тіліндегі мәтініне сәйкестігі мәселесі қойылды.

Мысалы, Парламент Сенаты Төрағасының "Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабы 4-тармағының "тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрған" нормасы бөлігіне ресми түсіндірме беру туралы" 1999 жылғы 25 ақпандағы өтінімі, осы нормада белгіленген талаптың Парламент Сенаты депутаттарының тұрғылықты жерін өзгертіп, Алматыдан Астанаға көшуіне байланысты екіұшты ұғым туғызуына және орыс тіліндегі "постоянно проживающий" терминінің мемлекеттік тілдегі "тұрақты тұрған" терминіне сәйкестігі күмәнді екендігіне негізделген болатын. Айтылған жәйттерге орай, өтінімде төрт жылға сайланған, тұрғылықты жерін Алматы қаласына, одан кейін Астана қаласына ауыстырған Сенат депутаттары келесі мерзімге сайлану үшін қайтадан дауысқа түсе ала ма? Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымының өзгеруі нәтижесінде таратылған не қайта құрылған облыстың аумағында тұрған уақыты тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында тұрақты тұрып жатқан үш жыл мерзімге есептеле ме? Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі "тұрақты тұрған" және "постоянно проживающий" деген терминді қалай түсіну керек? деген сұрақтар қойылған.

Конституциялық Кеңес төрт жылға сайланған Сенат депутаттарының, егер де олар өздерінің тұрғылықты тұратын жерін өзгертпеген болса, Сенатқа қайтадан дауысқа түсуге құқығы бар деп түсіндірді. Тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында үш жыл тұрақты тұру мерзіміне басқа әкімшілік-аумақтық бөлікке қосылған аумақта тұрған уақыты да есептеледі. Сенат депутаттығына кандидаттарға қойылатын талаптардың баяндалуының қисындық

дәйектілігіне бағып, мемлекеттік тілде "тұрақты тұрған" деп жазылған талапты Республиканың тиісті аумағында оны депутаттыққа кандидат етіп тіркеген сәтте тұрақты тұрып жатқан деп түсіну қажет.

Парламенттің сессиялық жұмысының кезеңіне және оның депутаттарының өкілет мерзімдеріне қатысты Конституцияның 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру тәртібімен, оның заң шығару міндеттерін жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган ретінде Конституциямен өзіне жүктелген өкілеттерді атқаруының уақыты мен кезеңі туралы түсіндіру берілген болатын. Конституциялық Кеңес бұл кезең Парламенттің бірінші сессиясының ашылу сәтінен басталады және жаңадан шақырылған Парламенттің бірінші сессиясының жұмысы басталуымен аяқталатынын атап көрсетті. Мәжіліс Төрағасының Конституцияның 59-бабының 3-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінімінің нысанасы болған, сессияны ұзартудың мүмкіндігіне келер болсақ, Кеңес, бұл норма депутаттардың сессиялық жұмысының кезеңін белгілейтінін, ал ол кезең Парламенттің өзінің қаулысымен ұзартылуы мүмкін екендігін түсіндірді.

Бірқатар өтінімдер Қазақстан Республикасы Үкіметінің Парламентке зейнетақымен қамтамасыз ету, халықты жұмыспен қамту және азаматтардың жекелеген санаттарының жеңілдіктері туралы заңдарға өзгерістер енгізу жөніндегі заң жобаларының пакетін енгізуіне байланысты туындады. Олар Парламент депутаттары бір тобының 1999 жылғы 18 ақпанда Конституция 14-бабының 1 және 2-тармақтарын, 24-бабының 2-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтінім беруіне себеп болды. Депутаттар әлеуметтік жәрдемақы төлемін республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге көшірудің заңдылығына күмән келтірген болатын, бұл, олардың пікірінше, азаматтарды тұрғылықты жері бойынша кемсітуге және заң алдында жұрттың бәрі тең деген принциптің (14-баптың 1-тармағы) бұзылуына әкеп соғады. Одан тыс, парламентшілер жұмыссыздық бойынша берілетін жәрдемақыны халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар санатынан шығарып тастау Конституцияның 24-бабы 2-тармағымен баянды етілген азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалу құқықтарын жоғалтуына әкеп соғады деп есептейді.

Соған байланысты Конституциялық Кеңес әлеуметтік жәрдемақы төлемдерін республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге көшіру аймақтардың экономикалық жағдайының тең болмауы себепті азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құқығына нұқсан келтірмейді және заң алдында жұрттың бәрінің теңдігі принципін бұзылуына әкеп соқпайды деп тапты. Республика Парламенті азаматтарды әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша жаңа заңдарды қабылдағанда еліміздің барлық аймақтарында сақталуға міндетті зейнетақылар мен жәрдемақылардың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлерін тағайындаудың жалпы өлшемдерін анықтауға тиіс.

Кеңес сондай-ақ Конституцияның 24-бабының 2-тармағы әлеуметтік қорғаудың нақты түрлерін белгілемейтінін, олар арнаулы шаралардың кешені болып табылатынын

және тиісті заңмен анықталатынын атап көрсетті. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы болса тұтастай алғанда оның бір түрі ғана болып табылады, сондықтан оларды алып тастау азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіруге әкеп соқпайды.

Өтінімде сондай-ақ заңдардың кері күші туралы мәселе де қойылған. Оған жаңа Заңда зейнетақының мұндай түрінің болмауына байланысты "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" 1997 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін тағайындалған зейнетақылардың төлемін тоқтату, сондай-ақ бұрын тағайындалған зейнетақы төлемдерінің барынша жоғары мөлшерлерін азайту себеп болды. Осы аталған жағдайларға байланысты парламентшілер Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасы нормасын бұзуға әкеп соғуы ықтимал, азаматтардың ахуалын нашарлататын заңдарды шығаруға заң шығарушы органның құқықтылығы туралы мәселені қойды. Аталған норманы ресми түсіндіру туралы қаулыда Кеңес азаматтардың құқық бұзушылық үшін заңдық жауапкершілігін реттейтін және жауапкершіліктің жаңа түрлерін белгілейтін немесе оны жаңа санкциялар енгізу жолымен күшейтетін заңдардың кері күші болмайтынын түсіндірді. Бұл конституциялық норма құқық қолдану қызметін жүзеге асыратын соттар, мемлекеттік органдар және лауазымды адамдар үшін міндетті болады. Кеңес сондай-ақ Парламенттің заңдарды қабылдаған кезде кері күші болатын құқықтық нормаларды белгілеуге құқығы бар екенін атап көрсетті.

Әлеуметтік қамсыздандыру Парламент депутаттарының 1999 жылғы 22 ақпанда өтінім беруіне тиек болды, онда басқа мәселелермен қатар Конституцияның 28-бабының 1-тармағын азаматтардың науқастанған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырылу құқығы бөлігінде түсіндіру мәселесі қойылды.

Өтінім беруге "Қазақ КСР-ның ЕтЗК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңның жобасы себеп болды. Онда қызметкерге уақытша жұмысқа қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік өтемдерді жұмыс берушінің есебінен төлеудің жүзеге асырылуы көзделген болатын. Парламентшілер "Конституцияда баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіруі себепті Конституцияның 74-бабының 2-тармағы негізінде мұндай заң актілері кейін күшін жойды немесе қолданылуға жатпайды деп танылмай ма?" деп қауіптенген.

Конституцияның 28-бабы 1-тармағының нормасын түсіндіре отырып, Кеңес, әрбір азаматтың науқастанған жағдайда әлеуметтік қамсыздандырылуға конституциялық құқығының жүзеге асырылуына әртүрлі жүйелер құру және қажетті де қолайлы шараларды жүзеге асыру жолымен, оның ішінде меншік нысанынан тәуелсіз жұмыс берушіге осы міндетті заңды түрде жүктеу арқылы, мемлекет кепілдік беретінін атап көрсетті.

Осылайша, Конституциялық Кеңестің Конституция нормаларын ресми түсіндіру туралы қаулылары Конституцияның ел аумағында әрекетте болуымен байланысты

мәселелерді дұрыс және біркелкі түсінуге ықпал етуге, мемлекеттік органдардың өкілеттігі мен жауапкершілігінің шегі, мемлекеттік меншіктің құқықтық режимі туралы дұрыс түсінік қалыптастыруға бағытталды.

Конституциялық Кеңес қызметінің бір бағыты Кеңеске Конституцияның 78-бабының ережелері негізінде өтінім беретін Республика соттарының өтінімдерін қарау болып табылады. Олардың ерекшелігі, Конституцияның 72-бабында айтылған Кеңеске өтінім беретін субъектілердің ішінде тек сот қана қолданылып жүрген заңдардың ғана емес, адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін өзге де нормативтік құқықтық актілердің конституциялылығын тексеру туралы мәселе қоюға хақылы.

1999 жылы Республика соттарынан 10 ұсыным келіп түсті. Оның ішінде үшеуі мән-жайлы қаралды, жетеуі бойынша іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылды.

Іс жүргізуге қабылданған үш өтінім бойынша, Кеңес даулы болып тұрған нормативтік құқықтық актілерді Конституцияға сәйкес емес деп тану үшін жеткілікті негіздер таба алмады. Мәселен, Маңғыстау облыстық соты Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің 292-бабы 6-бөлігін конституциялық емес деп тану жөніндегі ұсыныспен Конституциялық Кеңеске өтінім берген, онда жергілікті соттар бірінші саты бойынша қараған қылмыстық істер бойынша Республика Жоғарғы Сотының Төралқасы ең соңғы қадағалау сатысы болып танылады делінген. Сонымен бір уақытта, ҚР ҚІЖК-нің 292-бабының 2-бөлігінде көрсетілген тұлғаларға қатысты істер бойынша қабылданған сот қаулыларын Жоғарғы Сот Пленумы да қайта қарауы мүмкін. Мұнда облыстық сот ең жоғары сот сатысы ретінде Республика Жоғарғы Сотының Пленумында өз ісінің қаралуына қол жеткізе алу мүмкіндігінен айрылған тұлғалардың құқықтарын нұқсан келтіруді көріп отыр.

Кеңес облыстық соттың уәждерімен келіспей, өз қаулысында әркімнің Конституцияда баянды етілген өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуға құқығы кез-келген адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қалпына келтіру үшін сотқа өтінім беру мүмкіндігін білдіреді деп атап көрсетті. Бұл құқықты жүзеге асырудың механизмі Республика заңдарымен регламенттеледі, соттар оларды сот төрелігін іске асыру кезінде басшылыққа алады. Конституцияның 75-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында сот билігі сотта іс жүргізудің заңмен белгіленген нысандары арқылы жүзеге асырылады. ҚР ҚІЖК-нің 38-тарауында қылмыстық істердің соттылығы соттардың деңгейіне байланысты белгіленеді. Бұл ретте, еліміздің сот жүйесінің барлық буындарында істерді қараудың процессуалдық тәртібі барлық тұлғаларға қатысты бірегей және міндетті болып табылады. Бірінші сатыдағы соттар шығарған үкімдерге кассациялық және қадағалау тәртібімен жоғары сатыдағы соттарға шағымдану мүмкін. ҚІЖК-нің 292-бабының 2-бөлігінде көрсетілген тұлғалар үшін Республика Жоғарғы Соты бірінші сатыдағы сот болып табылады. Олардың да үкімге

кассациялық және қадағалау тәртібімен шағымдану мүмкіндігі болуы керек. Жоғарғы Сот Пленумы олар үшін мұндай соңғы саты болып табылады. Баяндалған негіздер бойынша Конституциялық Кеңес даулы болып тұрған ҚР ҚІЖК-нің нормасын Конституцияға сәйкес деп таныды.

Кеңес сондай-ақ Алматы қалалық сотының "Адвокаттық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Конституцияға сәйкестігін тексеру туралы ұсынымын қарады, онда "облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында бір адвокаттар алқасы құрылуы мүмкін" делінген. Қалалық сот осы норма азаматтардың бірлесу бостандығына құқығын баянды ететін Конституцияның 23-бабының 1-тармағына, сондай-ақ Конституцияның 39-бабының 1-тармағына қайшы келеді деп тапқан.

Конституциялық Кеңес даулы болып тұрған "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның бабын конституцияға сәйкес емес деп тануға негіз таба алмады және ҚР АҚ-нің 34-бабына сай адвокаттар алқасы коммерциялық емес заңды тұлғалардың дербес ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылатынын, оның қоғамдық бірлестіктерден бірнеше аспектілермен ажыралып тұратынын түсіндірген болатын.

Біріншіден, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес адвокаттық алқаларға мүшелік міндетті болып табылады, себебі ол бірқатар талаптармен шартталады, сонымен бірге адвокаттардың қызметі лицензиялауға жатады, ал аймақтық және жергілікті қоғамдық бірлестіктерге мүшелік еркін және лицензиялаумен байланысты емес.

Екіншіден, мемлекет адвокаттық алқалардың мүшелеріне қылмыстық іс жүргізу заңдарында көзделген жағдайларда қылмыстық процестерге қатысу (ҚР ҚІЖК-нің 71-бабы), сондай-ақ адвокаттардың тегін қызмет көрсету міндетін жүктейді.

Үшіншіден, адвокаттар алқасына жеке де, заңды да тұлғалар кіруі мүмкін. Қоғамдық бірлестіктерге кәсіби дайындығынан және қоғамдық қызметінің түріне тәуелсіз, өз мүшелерінің мүддесін көздей отырып тек жеке тұлғалар кіреді. Баяндалғаннан келіп шығып, Кеңес "Адвокаттық қызмет туралы" Заңның 20-бабының 3-тармағын конституцияға сәйкес деп тапты.

Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 36-бабын конституциялық емес деп тану туралы ұсынысы да қаралды, онда "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы Конституцияның 62-бабының 2-тармағына қайшы келеді деп көрсетілген болатын. Мұны негіздеу үшін сот, Конституцияның 62-бабының 2-тармағына сәйкес заңдар Республика Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді деп атап көрсеткен. Сонымен бірге, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында заңдар олар алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді деп көрсетілген.

Бұл құқықтық норманың конституциялылығы бойынша соттың күмәні "Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы" Заңды

қолдануға байланысты туындаған. Ол заңға Қазақстан Республикасының Президенті 1999 жылғы 13 шілдеде қол қойған, ол алғаш рет "Егемен Қазақстан" газетінде 1999 жылғы 28 шілдеде жарияланған болатын.

Кеңес аудандық сотпен келіспеді және Конституцияның 62-бабының 2 және 8-тармақтарында әртүрлі мағыналық салмақ арқалайтын және бір-біріне пара-пар емес "күшіне енеді" және "күшіне енгізу" деген терминдердің пайдаланылғанын атап көрсетті. Заңға Президенттің қол қоюы әлі оны күшіне енгізуді білдірмейді, себебі Конституция заңдарды міндетті түрде халыққа жария етуді көзде тұтады. Бұл Мемлекет Басшысының өзі қол қойған заңды халыққа жария ету міндетін белгілейтін Конституцияның 44-бабының 2) тармақшасынан келіп шығады. Көрсетілген кезең заң шығару процесінде аяқтаушы болып табылады да заңды күшіне енгізуге әкеп соқтырады.

Конституцияның 62-бабы 8-тармағына сәйкес заң актілерін күшіне енгізудің тәртібі арнаулы заңмен реттеледі. Алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін, заңды күшіне енгізудің он күндік мерзімін 36-бапта белгілейтін нормативтік құқықтық актілер туралы Заң осындай арнаулы заң болып табылады. Заңдық күшке ие болып алған заңды күшіне енгізудің осы уақыттық параметрі, бұл заңды құқық қолдануда жүзеге асыратын мемлекеттің барлық органдары мен ведомстволарының құқықтық және ұйымдық сипаттағы тиісті шараларды қабылдауы және жүзеге асыруы үшін қажет. Баяндалғанды ескеріп, Кеңес аталған құқықтық норманы конституциялық емес деп тануға негіз таба алмады.

Жеті өтінім бойынша Конституцияның 78-бабының және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының ережелерінен келіп шығатын өтінімнің нысаны мен мазмұнына қатысты қойылатын талаптардың сақталмауына байланысты конституциялық іс жүргізуге қабылдаудан бас тартылды.

Мәселен, Алматы облысы Сарқант аудандық соты Алматы облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының қаулысын конституцияға сәйкес емес деп тану туралы ұсыныспен өтінім жолдаған. Судьяның пікірі бойынша ол адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірген. Ұсынымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартып, Кеңес оған Конституцияның 78-бабы заңдардың немесе өзге де нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеруді жүктейтінін, ал облыстық сот алқасының қаулысы нормативтік акт болып табылмайтынын көрсетті.

Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының судьясы Кеңеске Республика Қылмыстық кодексінің 224-бабының 1-бөлігін конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен өтінім берген. Онда ол мемлекеттік мекемелерде лауазым иеленіп отырған тұлғалар үшін Қылмыстық кодекстің аталған нормасы қатаңдау қылмыстық жауапкершілік белгілейтінін атап көрсеткен. Бұл, судьяның пікірі бойынша, Қазақстан

Республикасы Конституциясы 14-бабының заң мен сот алдында жұрттың бәрінің теңдігін және кез-келген кемсітуге тыйым салуды көздейтін талаптарын бұзады.

Конституциялық Кеңес бұл ұсынымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартты, себебі судьяның ұсынымынан Қылмыстық кодекстің аталған нормасының конституциялылығына байланысты күмән туындаған нақты қылмыстық істің соттың іс жүргізуінде бар-жоқтығы айқын емес. Сонымен бірге, өтінімге судьяның өзі қол қойған, ал Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 22-бабының 3-тармағына сәйкес соттың өтініміне тиісті соттың төрағасы қол қоюы керек.

Конституциялық Кеңеске өтіну кезінде жіберілетін әлгі аталған және өзге де кемшіліктерді жою үшін соттарға көмек көрсету мақсатында, Республика соттарының 1996-1999 жылдардағы ұсыныстарын қарау практикасы жинақталды. Конституциялық Кеңес тиісті құжатты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Әділет министрлігіне жіберді.

Мемлекеттік органдардың адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қызметі конституциялық заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Қазақстан халқына 2030 жылға дейін стратегиялық міндеттерді жүзеге асыру бойынша Жолдауында еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев құқық қорғау органдарының назарын азаматтардың, мемлекет пен заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан мейлінше толық қорғаудың қажеттілігіне, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары саласындағы Конституция мен заңдар ережелерінің сақталуына қаратты.

Конституциялық Кеңеске әр жылы ұсынылатын құқық қорғау органдарының мәліметтеріне қарағанда, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғалары адамдардың азаматтық, әлеуметтік-экономикалық, саяси және өзге де құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол берген.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысы бар немесе ведомствоаралық сипаттағы барлық актілер әділет органдарында міндетті түрде мемлекеттік тіркеуден өтуге тиіс. 1997-ден 1999 жылға дейінгі мерзім ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 13 бұйрығы тіркеуден өтпеген. Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 15 бұйрықты Әділет министрлігіне ұсынбаған. Жергілікті өкілетті және атқарушы билік органдары да адамның және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысы бар құқықтық актілерді әділет органдарында міндетті түрде сараптау және тіркеуді барлық кезде жүргізбейді.

Прокурорлық шара қолданудың арқасында орталық атқарушы органдардың 15 құқықтық нормативтік актілері жойылды және өзгертілді. Бір қатар жағдайларда жергілікті атқарушы билік органдарының меншік мәселелерін шешу кезінде

республикалық басқару органдарының не болмаса шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшы органдарының құзыретін ауыстыра пайдалану деректері анықталды.

Конституцияның 26-бабының және Қазақстан Республикасы Президентінің " Азаматтардың және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет бостандығына құқықтарын қорғау туралы" Жарлығының талаптарын бұза отырып, бақылау және қадағалау жүргізу құқықтарына ие болған кейбір орталық атқарушы билік органдары өкілеттерін өздері құрған мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды және тіпті, жеке тұлғаларға да беріп қойған.

Кәсіпкерлердің шаруашылық және коммерциялық қызметін негізсіз және заңсыз тексеру деректері кездеседі.

Мәселен, Республика Ішкі істер министрлігі "Күзет" РМК-ға әскерилендірілген күзет қызметтерінің іс-әрекеттерін бақылауға, заңды және жеке тұлғаларға күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беру құқығын берген.

Энергетика, индустрия және сауда министрлігі "Метрология", "Мемлекеттік алкоголь өнімдерін өндірушілерді тексеруден өткізу орталығы" және "Қазақстандық СМСО" Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға инспекциялық бақылау жүргізу және лабораторияларды аккредитациялау құқығын берген.

Мемлекет бұл салада құқық бұзушылықтың жолын кесу мақсатында әртүрлі шаралар қолдануда. Атап айтқанда, кәсіпкерлік қызметті тексеруді есепке алу енгізілді, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қарауынан бақылау-қадағалау өкілеттері алынып тасталды, яғни бұлар мемлекет міндеттерін заңсыз жүзеге асыру мүмкіншіліктерінен айрылды. Бұрынғысынша әкімдер мен олардың орынбасарлары заң бұзушылықтарға ең көп жол беруде.

Мәселен, Республикада Құқықтық статистика және ақпарат орталығының мәліметтері бойынша, кәсіпкерлік саласында 1820 заңсыз акті жойылған және өзгертілген, оның ішінде 340 нормативтік сипатта болған. Жауапкершіліктің әр түріне 528 адам тартылған.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың азаматтардың және заңды тұлғалардың Конституцияда баянды етілген әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзу деректері кең таралған. Прокурорлық шара қолданудың арқасында 26931 заңсыз акті жойылған және өзгертілген. 26544 адам жауапкершілікке тартылған, қызметкерлерге жалақы бойынша қарыздардың 8,5 млрд. теңге, ал зейнетақы мен жәрдемақы бойынша – 1,8 млрд. теңге сомасында төленуі қамтамасыз етілді.

1999 жылы елде күрделі криминогендік жағдай сақталды – бұл мерзім ішінде Республикада 139431 қылмыс тіркелген. 10 мың тұрғынға келетін қылмыс деңгейі 91-ден 93-ке дейін артқан.

Криминалдық түр-сипат бұрынғысынша жеке қамын көзден зорлау-зомбылау секілді қылмыстармен сипатталады. Мұнда Конституция нормалары мен заңдарда баянды етілген адамға және оның меншігіне қол жұмсаушылық бірінші орында тұр. Шындық кейде ішкі істер органдарының қылмысты есепке алу және тіркеуден заңсыз түрде жасыру әрекеттерінің салдарынан бұрмаланады. Прокуратура органдары 3106 жасырылған қылмысты анықтап, есепке алды.

Қолда бар мәліметтер сондай-ақ әлі күнге дейін сыбайлас жемқорлықпен күрес жеткіліксіз жүргізіліп келе жатқанынан дәлел береді.

Анықталған қылмыстардың сыбайлас жемқорлық түрлерінің жалпы тіркелген қылмыстармен ара салмағы, Құқықтық статистика орталығының мәліметтері бойынша, бар болғаны 1.98%-ті құрайды.

Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын дұрыс пайдаланбау деректері де бар, жер-жерлерде тергеуді заңсыз жүргізу және негізсіз қамауға алу әдістері қолданылады, бұл азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын дөрекі түрде бұзу болып табылады. 1999 жылы қамауға алу түрінде жаза қолдануға негіз болмауы себепті 4122 адам босатылды. Алдын-ала тергеу кезінде бірінші және кассациялық сатыдағы соттар 5592 адамды қамаудан босатты.

Қорытындылай келе, Конституциялық Кеңес бұдан алдыңғы әр жылғы Жолдауында заң шығарушы және атқарушы билік органдарының назарын қолданылып жүрген заңдарды Конституцияға сәйкес келтіру бойынша жұмысты тездету қажеттігіне аударған болатын. Алайда, аталған жұмыс мейлінше баяу, Конституцияның 92-бабының 2-тармағында белгіленген мерзімдерді бұза отырып жүргізілуде. Осы уақытқа дейін түбегейлі нормативтік құқықтық актілер қабылданбады не сәйкес келтірілмеді, оның ішінде жергілікті мемлекеттік басқару туралы, жергілікті өзін-өзі басқару туралы, кодификацияланған салық заңы, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс, лоббилендіру туралы және т.б.

Нормативтік құқықтық актілердің бүкіл жүйесін қолданылып жүрген Конституцияға сәйкес келтіру Қазақстан Республикасында конституциялық заңдылықтың нығаюына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі